1 Дәріс. Қазіргі әлемді түсінудегі әлеуметтану

1.Әлеуметтану пәнінің анықтамасы. Әлеуметтанудың заңдары мен категориялары.

2. Әлеуметтанудың басқа қоғамдық ғылымдармен арақатынасы.

3. Әлеуметтанудың атқаратын қызметі.

Әлеуметтануды оқып үйренудегі мақсат – өзімізге бейтаныс адамдар мен олар ұйымдасқан бірлестіктер арасындағы күнде кездесетін әдетті қатынастарды жаңа тұрғыдан дұрыс түсіну, әлеуметтік мәселелерді зерттеуге деген ынта-жігерді арттыру.

Әлеуметтану пәнінің ең түбірлі бір категориясы «әлеуметтік» ұғымы. Оның мазмұнын дұрыс түсінбейінше, бұл пәнді ойдағыдай игеру мүмкін емес.

Әлеуметтану білімнің негізгі қызметі – әлеуметтік құбылыстар мен мәселелерді дұрыс түсініп, олардың пайда болу, бой көрсету себептерін ашу, оларды шешудің әртүрлі жолдарын тану.

«Социология» атауы латын, грек сөздерінен құралған: «*societas*»– латын тілінде қоғам, «*logos*» грекше ілім, ұғым деген сөз. Демек, қоғам туралы ілім. Қоғам басқа да ғылымдардың зерттеу объектісі. Сондықтан әлеуметтану – қоғам туралы ғылым деумен шектелсек, бұл ғылымның өзіне тән объектісі мен пәні ашылмайды.

«Әлеуметтану» ғылыми тұрғыда қоғамтанудың жеке бір ерекше саласы. Әлеуметтану қоғамды, оның өмір сүруі мен дамуын әлеуметтік құбылыстар, процестер мен қатынастар тұрғысынан қарастырады. Оның зерттеу объектісі – социум.

«Коғам» деген термин әлеуметтануда адамдар арасында болып жататтын алуан түрлі қарым-қатынастардың күрделі жиынтығын білдіреді. Көптеген қоғамдық ғылымдардың зерттейтін объектісі – тұтас қоғам емес, оның белгілі бір саласы.

Социология қоғамды тұтас қарастырмайды, тек сол қоғамның әлеуметтік өмірін ғана зерттейді. Атап айтқанда, адамдардың айтарлықтай кең қауымдастықтары арасындағы (таптар, халықтар және басқа әлеуметтік топтар, ұлттар, ұйымдар т.б.) және осы қауымдастықтардың өкілі ретінде көзге түсетін жеке адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды қарастырады. Осы қатынастардың субъектілерінің ерекшеліктеріне сәйкес әлеуметтік қатынастар әлеуметтік топтар (топтар мен әлеуметтік таптар), әлеуметтік-демографиялық (ерлер, әйелдер, балалар, жастар, зейнеткерлер, жанұя мүшелері), әлеуметтік-территориялық (қала, село тұрғындары), әлеуметтік-этникалық (ұлттық, халықтық, этнографиялық топтар), әлеуметтік-кәсіптік (еңбек коллективтері, кәсіптік бірлестіктер), жеке адамдар арасындағы қатынастар болып бөлінеді. Әлеуметтік өмірдің өзегі – адамдардың және олардың бірлестіктерінің іс-әрекеттері, өзара байланыстары. Осыған сәйкес социология адамдардың өзара қарым-қатынасын білдіретін *мінез-құлқы жайлы ғылым* деуге де болады.

Әлеуметтік қатынастардың бір ерекшелігі, олар біртұтас комплексті сипатта болады да, тек жекелеген экономикалық немесе тек саяси, тек рухани ғана болмайды. Жеке адам, тап, ұлт, демографиялық, кәсіптік топтар

әруақытта қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығының субъектісі болып табылады. Сондықтан адамдар арасындағы таптар мен ұлтаралық және басқа әлеуметтік қатынастарды тек экономикалық, болмаса тек саяси, не рухани қатынас деп қана қарау үлкен қателік болады. Демек, әлеуметтік қатынас, осы тұрғыдан алғанда, экономика, саяси, рухани салаларымен қатар қоғамдық өмірдің бір саласы ғана емес, тарихи даму субъектілерімен біріге біртұтас қоғамдық өмір болып табылады.

«Әлеуметтік» ұғымы «әлеуметтік қатынастар» ұғымынан әлдеқайда кең ұғым, өйткені оның мазмұны әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар, әлеуметтік нормалар т.б. ұғымдарды да қамтиды.

Әлеуметтанудың зерттеу объектісі мен пәні. Социология пәні – қоғамның құрылысы, өмір сүруі мен дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік заңдылықтары жайлы және сол заңдылықтардың адамдар мен олардың бірлестіктерінің және тұтас қоғамның өмірі мен өзара қарым-қатынастарында іске асырудың жолдары, формалары мен әдістері жайлы ғылым.

Социология ғылымның пәнін анықтауда пікірлер әртүрлі.

А.А. Радугин, К.А. Радугин: социология – әлеуметтік біртұтас жүйе деп қаралатын қоғам туралы, осы жүйенің өзінің құрамдас бөлшектері: жеке адам, әлеуметтік бірлестіктер, институттар арқылы атқаратын қызметі мен дамуы туралы ғылым.

Нейл Смезлер: «Социология қоғамды және әлеуметтік қатынастарды зерттеу ғылымы». Оның пікірінше, социология адамдарды танып білу, зерттеудің бір тәсілі, ол адамдардың мінез-құлқын, олардың жүріс-тұрысын анықтауға тырысады.

Ғылымның ішкі логикасын, оның пәні мен әдістерінің сипатын ашатын, әлеуметтік құбылыстар мен процестердің мәнін танып білудің тірегі – социологияның **категориялары және зандары**. Категориялар – әлеуметтік болмыстың мәнді жақтарын, қасиет-белгілерін, құрылымдық элементтерін бейнелендіретін негізгі ғылыми ұғымдар. Ал осылардың арасындағы ішкі және қажетті байланыстар мен қатынастарды бейнелендіретін ұғымдар – заңдар болып табылады.

Социологияның ең негізгі, мазмұны жағынан көлемді категориясы «әлеуметтік» ұғымы. Бұл ұғым «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік ұйымдастыру», «әлеуметтік топ», «әлеуметтік әрекет», «әлеуметтік мінез-құлық» т.б. көлемді ұғымдарды камтиды. Бұлардың әрқайсысы өз алдына бірнеше маңызды категорияларға бөлінеді. Мәселен, «әлеуметтік топ» категориясы «тап», «әлеуметтік қабат», «халық», «ұлт», «жанұя» ұғымдарымен тікелей байланысты.

Социология әлеуметтік болмысты, социумды зерттейтін ғылым болғандықтан, оның заңдары да әлеуметтік сипатта болады, яғни қоғамның, әлеуметтік қауымдастықтардың, топтар мен жеке адамдардың іс-әрекеттері мен өзара байланыстарының заңы болып табылады. Әлеуметтік заңдар адамдардың және олардың топтарының мінез-құлқын реттейді, жеке адамдар мен олардың қоғамдастықтарының арасындағы қарым-қатынастарды

анықтайды. Ол заңдар адамдардың және олардың бірлестіктерінің іс-әрекетінен көрініс береді. Әлеуметтік заңдарға, мысалы, әлеуметтік жіктелу, бірігу заңы, әлеуметтік мобильдік (бір топтан басқасына өту) заңы, қоғамдық өмірдің интернационалдануы, жеке адамның әлеуметтенуі, т.б. заңдар жатады.

Әлеуметтік заңдарды түрліше белгілері бойынша классификациялауға болады. Жалпылылығы жағынан олар *жалпы* заңдар (қоғам дамуын, біртұтас әлеуметтік жүйе дамуын анықтайтын) және *ерекше* заңдар (әлеуметтік жүйенің жекелеген элементтерін, қоғам бөлшектерін сипаттайтын) болып бөлінеді. Олардың сипатына, көрініс беру ерекшелігіне қарай *динамикалық* және *статистикалық* заңдарға бөлінеді. Динамикалық заңдар нақты жағдайда өз ретімен болатын оқиғалар арасындағы бір мәнді, қатаң байланысты көрсетеді, олардың бағытын, түрлері мен факторларын анықтап береді.

Әлеуметтану ғылымын төмендегідей құрамдас бөлімдерге бөлуге болады:

Біріншісі – *жалпы-теориялық социология*. Бұл біртұтас социумның өмір сүруі мен дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға бағытталған макросоциологиялық зерттеу болып табылады.

Екіншісі – әлеуметтік жүйенің жекелеген құрамдас бөлімдерінің әрекет етуі мен өзара байланысының заңдылықтарын зерттеуге бағытталған жалпылылығы *орташа социология*. Бұған, мәселен, қала социологиясы, экономикалық социология, білім беру социологиясы, саясат социологиясы, т.б. жатады.

Үшіншісі – *микросоциология*. Ол жекелеген адамдардың қимылы мен өзара қарым-қатынасын, мінез-құлқын, жүріс-тұрыстарын бақылау арқылы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттейді.

Социологияның әлеуметтік-қоғамдық қызметі алуан түрлі. Солардың негізгі үшеуін арнайы қарастыру қажет сияқты. Олар теориялық-танымдық, саяси-практикалық және идеялық- тәрбиелік қызметі. Теориялық-танымдық қызметін іске асыру арқылы социология қоғамның мәні, оның құрылысы, заңдылықтары мен оның қызметі жайлы, дамуының негізгі бағыттары мен тенденциялары, жолдары жөніндегі білімді тереңдете, нақтылай түседі. Теориялық социологияның дамуында эмпирикалық социологияның және онымен байланысты арнаулы социологиялық зерттеулердің рөлі ерекше.